



Берілген суреттер арқылы сабақ тақырыбын болжау.

Бөлім: 1.1

Өркениет: даму ерекшеліктері

Сабак тақырыбы:
«Өркениет» түсінігі

Сабақ мақсаты:

10.1.1.1 – тарихи оқиғаларды, процестер мен құбылыстарды түсіндіру үшін «өркениет», «өркениет типтері» терминдерін қолдану;

10.1.1.2 – «өркениет» түсінігін зерттеудің негізгі әдістерін түсіндіру.

Бағалау критерийлері

- «Өркениет» және «өркениет типтері» түсініктерін біледі.
- Түрлі өркениеттердің байланыстарын тарихи үдерістердің заңдылықтарына сәйкес қарастырады.
- Талқылау барысында қоғамның өркениеттік дамуының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды (кем дегенде 3 мысал).
- Өркениеттің өзара байланысы мен өзара әсері жайында қорытынды шығарады.

Терминдер

- Өркениет – тарихи дамудың белгілі бір кезеңіндегі белгілі бір ұлтқа тән материалды, рухани және әлеуметтік өмірдің сапалық ерекшеліктері.
- Өркениет типтері – дамудың ортақ қырлары, элементтері және заңдылықтары белгілі бір мәдени-тарихи кезеңдерге бөлінген процесс

1 тапсырма (топпен жұмыс)

20 минут

Өркениет түсінігі. Өркениеттік дамудың негізгі типтері тақырыбында кластер құрастыру.

Дискрипторлар

Тарихи процестер

заңдылықтарына сәйкес түрлі

өркениеттердің байланысын

көрсету.

Өркениеттің адамзаттың тарихи

дамуына әсер етуі туралы

қорытынды жасау



Пікірталас 10 мин

- Адамзат өркениетін қандай болашақ күтеді: жеке немесе жеке өркениеттер жиынтығы?
- Бұл мәселе бойынша қандай пікіріңіз бар?
- Қазіргі Қазақстан қай өркениетке жатады (Батыс, Шығыс)?

Рефлексия

Тақырыпты
толық түсіне
алмадым

Сұрақтар
туындады

Тақырып
ашылды,
барлығы
түсінікті